

*Есбол Өмірбаев атындағы орта мектеп*

Тақырыбы: **«Жігітті жолдасынан таны»**

**Сабақ барысы:**

**I.Кіріспе**

**II. «Ойлан,тап!(Мақал-мәтелдерді жалғастыру)**

**III.Тренинг «Дос жылатып айтады,дұшпан күлдіріп айтады.**

**IV.Жағдаяттан шығу**

**V.Қорытынды**

**2016-2017ж**



*Біріңді қазақ, бірің дос,  
Көрмесен – істің бәрі бос.  
Абай Құнанбаев.*







*Досым саған сенемін, сеніп өтем!  
Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен  
Достық деген - адамның көрігі екен  
Достық деген - ақылдың серігі екен*  
***М. Мақатаев***





Бес мүшеден бөлекше бас та өзгеше,  
Қиғаш біткен маңайға қас та өзгеше.  
Кеншілікте дос та дос, қасыңда дос,  
Таршылықта қайырылмаған дос та өзгеше.

Досым саған сенемін, сеніп өтем!  
Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен.  
Достық деген-адаманың көрігі екен.  
Достық деген-ақылдың серігі екен.





*Адал*

**Жомарт**

Адамгершілігі  
МОЛ

**Қарапайым**

**Ашықтық,  
бүкпесіздік**

**Мейірімді**

**Кек  
сақтамау**

**Кешірімді**


**Салмақты**

**Сабырлы**

**Ақылды**

**Төзімді**

*Дос қандай  
болуы керек?*



*Қыл өтпестей  
татулықты бір ашуға  
сатпайық.*

*Мұхтар Әуезов.*







*Достық деген ізгіліктің алауы,  
Оған куә ғасырлар мен замандар,  
Отанында сатып кете алады,  
Қиын шақта досын сатқан адамдар!!!*

***Мұхтар Шаханов***





Жаксы дос ашып айтар,  
Жаман дос қосып айтар.

Досы көпті жау алмайды,  
Ақылы көпті дау алмайды.

Дұшпаныңнан бір сақтан,  
Жаман достан мың сақтан.

Адал достық өмірлік нұсқа болады,  
Амал достықтың өмірі қысқа болады.



*Аңыз. «Екі дос» Ертеде жаугершілік заманда қазақтың екі жауынгері төс қағысып дос болыпты. Бірде әскерлер бір өзеннің бойында шатыр тігіп дамылдапты. Тұтқиылдан жаудың қалың қолы шабуыл жасапты.*

*Олардың мал-мүліктерін тиіп, қолға түскен азаматтарды айдап әкетіпті. Екі достың біреуі жау қолына түседі. Оны естіген досы күздің қара суығын елеместен, өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді.*

*Анталаған жау әскерлері оны тарпа бас салады. Жауынгер өзін қолбасыларына апаруын өтінеді. Келген соң ол: «Мен қолдарыңа түскен бір жауынгерге құн төлеп сатып алуға келдім, менің оған айырбасқа берер малым да мүлкім де жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін, ол-өзімнің өмірім. Досымды босатыңдар! Ол үшін өзімнің өмірімді қияр едім»-дейді. Қолбасы оны сынамақ болып: -Жарайды мен сені қыршыныңнан қимай ақ қояйын, маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болады-дейді. –Ол не?-дейді досын құтқаруға келген, асыққан жігіт. -Маған сенің көздерің керек, екі көзіңді ойып аламын, -дейді қолбасы. -Олай болса, көзімді тезірек алда, досымды босат-дейді. Жігіт бұл сыннан да мүдірмей өтеді. Әлгі жауынгер тұтқыннан босаған досының иығына қолын артып, соқыр күйінде қуанып, күлімдеп келе жатады. Мұны көрген қолбасы: «Мынадай ерлері бар халықты тұтқиылдан келіп, қапыда бас салған жағдайда болмаса, бетпе-бет ұрыста жеңу қиынға соғады»-деп ой түйеді. Сөйтіп өз әскерлеріне шегінуге бұйрық берген. Бұндай достармен мақтануға болады, солай емесе?*

## Мақал-мәтелдердің жалғасын табайық.

- 1.Өз басыңды дауға берсеңде, досыңды жауға берме.
- 2.Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды.
- 3.Күлме досыңа, келер басыңа.
- 4.Біреу жаныңа жолдас, біреу малыңа жолдас.
- 5.Дос басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды.
- 6.Жақсымен дос болсаң, жетерсің мұратқа,  
Жаманмен дос болсаң, қаларсың ұятқа.
- 7.Доссыз адам- тамыры жоқ ағашпен тең.
- 8.Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас.
- 9.Ерегескен ел болмайды, есептескен дос болмайды.
- 10.Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы.





*Айналайын ұлы достық,  
айналайын атыңнан.*

*Құлатпашы мені мәңгі  
осы биік сатыңнан.*

***Мұхтар Шаханов.***

# Жағдаяттан шығу.

1. Саған ата-анаң үй шаруасын орындау керектігін ескертіп, өздері жұмысқа кетіп қалды, кенеттен жан досың қоңырау шалып, оған бір топ балалар тиісіп жатқандығын айтып көмекке келуіңді өтінеді. Бұл жағдайда не істер едің?

2. Көптен күткен әншінің концертіне бара жатырсың, қалтаңда билеттің құнына жететін 2000 теңге бар, жолдан құрбың кездесіп, тығыз ақша керек болып тұрғанын айтып, қарызға 1000 теңге беруін сұрады. Бұл жағдайдан қалай шығасың?

3. Екеуің жан доссыңдар, тағы бір досың бар. Сырткөзге қарағанда қызығарлықтай құрбысыңдар. Бірақта сен онымен көп жағдайда келіспей қаласың. Сен қай досты таңдар едің?

4. Сен математикадан есеп шығарып келдің, досың сенен көшіріп алды. Сенен кеткен қатені ол байқап, ол өзіне қатесіз жазды. Үй жұмысынан сен «4» деген баға, ал ол «5» деген баға алды. Сен бұл жағдайда досына не дейсің?

5. Досың сенің жақсы көретін киіміңді күйдіріп алды. Қандай шешім қабылдар едің?





**Дос емес достық сөзін көтермесе, Саған жердің түбінен жетем десе. Не қылып дос атыңа қосылады. Көтермей бір сөзінді бүйтем десе, Нағыз дос бірін-бірі жамандамас, Араға көп өкпе сап табандамас. Көңілі татулықтың шабандамас. Жақсының әрбір сөзін қайырмаңыз, Жасыған жездей болып мойымаңыз. Сыр алмаған біреумен дос болам деп, Сыр алған досыңыздан айырылмаңыз.**



**Назарларыңызға рахмет!  
Құрметпен 11 «Ә» және  
сынып жетекшісі  
Джанаева Айман**